

БӨЛІМ: ЭССЕ

XXI ғасырдағы мұғалімнің кәсіпқойлығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/51573/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Эссе

XXI ғасырдағы мұғалімнің кәсіпқойлығы

“Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар — қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі”

Н.Ә.Назарбаев

Үштұғырлы білім беру жүйесін енгізу - негізгі маңыздылық оқыту бағдарламаларына ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік маңызына да жете мән берілетін құрылымды процесс. Себебі, негізгі мәселе — болашақ физик немесе биологтың әлем бейнесімен қоса нағыз азамат, патриот, жеке тұлға қалыптастыру. Сонымен қатар, бүгінгі күннің шындығы бізден тек қазіргі өмір жағдайларына ғана сүйенбей, сонымен қатар біз ұстаз ретінде болашақтың заман талабын болжап балаларымызды соған дайындай алуымыз керек. Қазіргі таңда мен үш тілдік курстың тындаушысымын. Ол шешімге еш бір де қарсылығым жоқ.

Тілдердің үштұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты анықтамасын берген, қазақ тілі — мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Көптілді меңгеру - мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғаралық және мәдени қарым — қатынастардың аса маңызды құралы. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның тәжірибелік және зияткерлік іс- әрекетінде көптілдік сұранысқа ие болу қажеттілігін туғызып отыр. Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды

ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс». Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет» — деп ерекше атап көрсеткен. «Елу жылда ел жаңа...» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс жасап келеді. Бұл қатынастардың оң нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтастығы, өзара түсіністігі, яғни тіл білуінен.

Қазіргі заман талабына сай мұғалім үлкен дайындықпен, жаңаша әдіс- тәсілдермен, түрлі тапсырмалармен ізденіс үстінде сабақты түрлендіріп отыруы қажет. Болашақ ұрпақтың дамуы ұстаздардың белсенділігіне, білім деңгейіне, шығармашылық іс — әрекетіне байланысты болмақ. Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру ол біздің ұстаздардың міндеті болып саналады.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды.

Ағылшын тілін оқып - үйренемін деушілердің саны күннен - күнге көбеюде. Бұл сайып келгенде, шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінің жаңа бетбұрыстарды қажет екендігін тудырады. Қазіргі уақытта, ағылшын тілін меңгерудің талабы жоғары болғандықтан, ағылшын тілін тереңдетіп

үйренуге арналған арнайы мектептер, гимназиялар, колледждер көптеп ашылуда. Бүгінде осы үштілділікті қолдау, қолдану мақсатында біз, мұғалімдер өз үлесімізді қосуға, оқушыларға аталған жаңа талаптарға сай білім беруге бір кісідей ат салысамыз.

Үштілді оқыту - жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.